

2014 жылдың жазғы кезеңінде Маңғыстау облысындағы балалар мен жасөспірімдердің демалысы, сауықтырылуы және жұмыспен қамтылуы

Маңғыстау облысының Білім басқармасы балалардың тұлғалық, әлеуметтік, дене бітімі жағынан, шығармашылық дамуы, құқық бұзушылықтардың алдын алуда және балалар мен жасөспірімдерді жазғы сауықтыру шараларымен қамту, олардың демалуы мен тынығуына барлық мүмкіндіктерді тиімді ұйымдастыруда **ҚР Премьер Министрінің 2011 жылғы №86 «2011-2015 жылдарға арналған жазғы каникул кезеңінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру туралы»** Өкімін басшылыққа алып, **облыс әкімдігінің 28.05.2014 ж. №118 «2014 жылы Маңғыстау облысында балалардың жазғы демалысын, сауықтырылуын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру туралы»** қаулысы мен **Білім басқармасының 19.05.2014 ж. №124-нқ бұйрығының** негізінде жүзеге асырылды.

Сонымен қатар, облыста **22.05. 2014 ж. «Жаз - 2014»** тақырыбында облыстық семинар өткізіліп, семинарға Маңғыстау облысының төтенше жағдайлар департаменті, ішкі істер департаменті, тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің мамандары қатысып, лагерьлерде жұмыс жасайтын мамандарға әдістемелік көмек материалдары үлестірілді.

Жазғы демалыс кезеңінде балалардың жазғы сауықтыру лагерьлерінің жағажайдағы қауіпсіздігін алдын алуда оқушыларға, олардың ата-аналарына суға шомылу кезіндегі қауіпсіздік шаралары туралы жұмыстар жүргізілді, сондай-ақ, балалардың ата-аналарының қарауынсыз, өз бетімен жағажайға, табиғат аясына демалуға барудың соңы қауіпті екендігі туралы айтылып, жұмыс барысында қолдануға болатын әдістемелік бетшелер таратылды.

Лагерьлерде балалардың өмір қауіпсіздігін қатаң бақылау, жазғы сауықтыру демалысындағы балаларды теңіз жағажайына апаратын кезде арнайы мамандар, инспекторлардың болуы жөнінде тапсырмалар берілді. Жазғы демалыс күндері балалардың сауықтыру алаңдары мен демалыс лагерьлерінде қайғылы оқиғаларды болдырмаудың алдын алу басты назарда болды.

2014 жылы оқушыларды жазғы сауықтыру және демалыспен қамту шараларына **189495,1 (2013 ж. 167 млн.т.)** теңге қаражат бөлінді. Бірінші кезекте 12 607 санатты (жетім, аз қамтылған және көпбалалы отбасы мен мүмкіндігі шектеулі, дарынды) балалар жазғы сауықтыру шараларына тартылды. Облыс бойынша 1-10 сыныпта **оқитын 96 359 оқушының 56 029 жазғы демалыс сауықтыруға 58,1 % (2013 ж. - 53,8 %) қамтылды.**

Мектеп жанынан **66 лагерь ұйымдастырылып, онда 12 710 бала** тартылды (2013 ж. – 63 лагерь, 10 310 бала), жаз мезгілінде **33 аула клубы 12 575 баламен** жұмыс жасады. Сонымен қатар, 29 мектепте тамақсыз

кәсіптік, спорттық бағыттағы лагерьлер ұйымдастырылып, оған 3 390 бала қамтылды.

2014 жылы тамыз айында облыстан жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған **40 бала** «Аджиб Каспиан Си.Б.В.» мекемесінің демеушілігімен Италияда демалды. Сондай-ақ, жергілікті мемлекеттік ұйымдар мен жеке тұлғалардың қолдауымен қала сыртындағы **5 лагерь жұмыс жасап, онда 8 961** бала қамтылды.

Республиканың өзге қалалары мен алыс-жақын шетел мемлекеттерінде **18 568 оқушы** ата-анасының және демеушілер есебінен демалды (2013 ж. – 18 610 бала).

Еңбекпен **2462 бала** қамтылды, оның ішінде құрылысқа 936 бала, отбасылық еңбекке **1 580** бала (2013 ж. 1394 оқушы 1,6% - ға қамтылған). 3 күндік оқушылардың туристік саяхатқа **38 587 баланы** қамтитын жорықтар ұйымдастырылды (2013 жылы - 32 345 бала қамтылды).

Демалыс лагерьлеріне біліктілікті арттыру курстарынан өткен білікті психолог-педагог, спорт-денешынықтыру, дәрігер мамандары сапалы іріктеуден өткізіліп, жұмысқа қабылданды. Демалыс лагерьлерінде жұмыс жасайтын мамандарға балалардың өмір қауіпсіздігі түсіндіріліп, жауаптылығы мен міндеттеріне арнайы әдістемелік көмек, семинарлар ұйымдастырылды.

Жалпы 2014 жылы жазғы сауықтыру шараларына қамтылған балалар **98,1%** пайызды (2013 жылы 98,7%) құрады.